ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020
ISSN 2710-3994

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліққызы

**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**
*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*
*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*
*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*
*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*
*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*
*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna
**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna
**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich
**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna
**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

## МАҚАТ-ӨЗЕН ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУЫ

**Мұхитов Қ.С.**

т.ғ.к., Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің доценті Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: ocean_5@mail.ru

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Маңғыстау өңірі өзінің географиялық орналасуы жағынан орталықтан оқшау жатқан аудан болатын. Сондықтан бұл өңірмен қатынасу ауыр болды. Орталық қалалармен қатынасу тек Каспий теңізі арқылы ғана жүзеге асты. Оның өзі де тек жаз айларында ғана еді. Ал өңірдің ішінде тек қана түйе көлігі пайдаланылды. Халықтың орналасуы да су көздеріне байланысты. Елуінші жылдардың екінші жартысында еліміз мұнай көздерін ашу үшін Маңғыстау түбегінде іздеу-барлау жұмыстарын жүргізе бастады. Нәтижесінде, 1961 жылы Жетібай мен Өзенде мұнай бұрқағы атқылады. Мамандар бұл өңірде мұнайдың мол қоры бар деген болжам жасады. Ендігі жерде осы өңірдегі мұнай көздеріне барлау-бұрғылау жұмыстарын одан әрі жүргізіп, өндірілген мұнайды орталыққа тасып алу қажеттілігі туды. Сол себепті темір жол салу керек деген шешімге келді. Үкімет бұл міндетті төрт жыл ішінде атқарып шықты. Мақалада осы теміржол құрылысының тарихы сөз болады.
**Түйін сөздер:** Маңғыстау түбегі, Қайдақ, Маңғышлақ, Форт-Шевченко, Ақтау, Мақат, Гурьев, темір жол құрылысы, еңбек озаттары т.б.

## СТРОИТЕЛЬСТВО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ МАКАТ-УЗЕНЬ

**Мұхитов Қ.С.**

Атырауский университет нефти и газа им Сафи Утебаева, доцент, кандидат исторических наук, г. Атырау, Казахстан.
E-mail: ocean_5@mail.ru

**Аннотация.** *Введение.* Мангистауский регион был обособленным районом, изолированным по своему географическому расположению от центра Поэтому общение с этим регионом было тяжело Связь с центральными городами осуществлялась только через Каспийское море И это возможно было только в летние месяцы Для передвижения на небольшие расстояния были использованы верблюды. Население проживало поближе к источникам воды. Во второй половине пятидесятых годов в стране начались поисково-разведочные работы на полуострове Мангистау для открытия нефтедобычи В результате, в 1961 году, в Жетыбае в реке взорвался фонтан нефти Специалисты доказали, что в регионе очень большие запасы нефти Теперь возникла необходимость проведения разведочно-буровых работ на нефтебазах и транспортировки добытой нефти Кроме того, надо было решить вопрос о ввоза необходимого оборудования для бурение. Поэтому нужно было построить железную дорогу Правительство решило эту задачу за четыре года В статье речь идет об истории строительства этого сооружения.
**Ключевые слова**: Мангистауский полуостров, Кайдак, Мангышлак, Форт-Шевченко, Актау, Макат, Гурьев, строительство железных дорог, отличники труда и др.

# CONSTRUCTION OF THE MAKAT-UZEN RAILWAY

**Mukhitov K.**

Safi Utebayev AtyrauUniversityofOilandGas, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
Atyrau, Kazakhstan.
E-mail: ocean_5@mail.ru

**Abstract**. *Introduction.* The Mangistau region was a closed region, separated by its geographical location from the center There has never been a means of communication here A camel was used for access at a short distance The location of the population was associated with the source of water.
In the second half of the fifties, the country began conducting exploratory work on the Mangistau Peninsula to open up oil production As a result, in 1961, a fountain of oil exploded in the river in Zhetybai Experts have proved that the region has large oil reserves Now it is necessary to conduct exploration and drilling operations at oil depots and transport the extracted oil It was not easy to transport Mangyshlak oil Because without water, the country-there was the construction of the railway makess hard work However, the government's leadership started this process and built it within four years The article deals with the history of the construction of this structure.
**Keywords:** Mangistau Peninsula, kaidak, Mangyshlak, Fort Shevchenko, Aktau, Makat, Guryev, railway construction, excellent work, etc.

**Кіріспе**

Маңғыстау түбегінде мұнай белгілері бар екенін ең алғаш айтқан Г.С. Карелин болатын Ол өзінің бұл жаңалығын 1833 жылы жариялады [1, 18-б.].

XVIII ғасырдан бастап патша үкіметі Каспий теңізінің шығыс жағалауына экспедициялар жібере бастайды. Сөйтіп, бұл өңірді Оңтүстік-шығыс Азияға өзінің ықпалын нығайту үшін және болашақта Хиуа хандығына қарсы экспансия жасау үшін қолайлы орын деп қарастырды. Сонымен қоса, Каспий теңізінен ауланатын балық пен мал өнімдері де назардан тыс қалмады. Бұл өңір болашақта Иран мен Индияға сауда қатынасы үшін де өте қолайлы еді [2, 4-5-бб.].

Алдымен, 1712-1717 жылдары I Петрдің жарлығы бойынша Хиуаға Бекович-Черкасскийдің экспедициясы ұйымдастырылады. Бекович-Черкасский 07.11.1714-16.10.1715 жж. Каспий теңізінің картасын жасайды. Бірақ бұл картаны 1717 жылы 17 маусымда I Петр Францияның ғылым академиясына сыйға тартады [1, 9-б.]. Капитан Бекович-Черкасский Бозащы түбегіне келіп, Түпқараған мүйісінде бекініс салу керек деген ұсыныс жасайды.

Кейін, 1726 жылы Ф.И. Саймонов пен К.П. Верденнің, 1764 жылы капитан Токмачев пен инженер Ладыженскийдің, 1791 жылы М. Войновичтің және 1805 жылы генерал-майор Фелькерзамның экспедициялары ұйымдастырылды. Сол жылдары Каспий теңіз флотилиясының адмиралы Мордвинов Красноводск қаласының орнына бекініс салып, Ресеймен байланыстырып тұратын темір жол тарту керек деген пікір айтады [2, 28-б.]. 1832-1936 жж. инженер Г.С. Карелин басқарған үлкен экспедиция келеді. Бұл экспедиция Маңғышлақтың топографиялық картасын жасайды.

1832 жылы Г.С. Карелин Бозащы түбегіндегі «Қолтық» шығанағының оңтүстігінде орналасқан «Қайдақ» деген жерден мұнай белгілерін байқайды. Кейін, 1834 жылы бұл жерге Ново-Александровск бекінісі салынады [1, 18-б.]. Өзінің қолайсыз орналасуына себепті бұл бекініс 1846 жылы «Кетік» деген жерге көшіріледі. Қазір ол Форт-Шевченко қаласы деп аталады [3, 167-б.].

1846 жылы полковник М.И. Иванин басшылық еткен келесі экспедиция басқа да мұнай белгілері бар жерлерді табады Осымен қоса 1851 жылы И. Рычков пен Л.И. Антиповтың, 1852 жылы А.Е. Алексеевтің экспедициялары келеді [1, 18-б.]. Негізінен мұнай көздерін іздеу жұмыстары 1846 жылы Иваниннің мұнай көзін тапқан соң басталды. 1887 жылы Н.И. Андрусов пен М.В. Баярунас маршрутты түсіруге кіріседі Жалпы Маңғыстау түбегін кеңінен зерттеген ғалымдар деп Н.И. Андрусов пен М.В. Баярунасты айтуға болды [4, 144-б.]. Олардың зерттеу жұмыстарының көшірмесі Ақтау қаласындағы облыстық өлкетану мұражайында сақталған. Осылайша Маңғыстау түбегі бүкіл Ресейге мұнайлы аудан болып таныла бастайды. Дегенмен, шын мәнінде Маңғышлақ ауданында мұнай көзін іздеу жұмыстары 1930 жылы басталды. Соның нәтижесінде Каспий теңізінің шығыс жағалауы мен Бозащы түбегінің геологиялық картасы жасалды. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында М.В. Баярунас басқарған экспедиция Маңғышлақта толыққанды геологиялық зерттеу жұмысын жүргізеді. Кейін бұл жерге Ленинградтың Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу геологиялық барлау институты [ВНИГРИ] ғалымдары келеді. 1934 жылы осы институттың ғылыми қызметкері С.Н. Алексейчик Бозащы түбегінен мұнай күмбезін табады. Ал 1936-1941 жж .Маңғышлақтағы барлық мұнай күмбездерін схемалық картаға түсіреді. Бұл ауданның мұнайын көздерін толыққанды зерттеу үшін көптеген кешенді шаруалар атқару керек болатын. ВНИГРИ-дің жетекші ғалымдары Н. Черепанов, Н. Тифонов, А.А. Савельев осы кешенді жұмыстармен айналысты [1, 19-б.].

**Әдістері.** Мақаланы жазуда тарихилық, шынайылылық қағидасы, жүйелілік ұстаным қолданылды. Жүйелілік тәсілі зерттеу мәселесін шетел тарихнамасымен өзара байланыста қарауға мүмкіндік береді.

**Талқылау**. Мақат-Өзен темір жолының салыну тарихы өз алдына жеке тақырып болып толыққанды зерттелген жоқ. Дегенмен бұл тақырып бойынша Сартай Сәрсембаев, Элеонора Қарымсақова және т.б тарихшылар өздерінің диссертациясында жазған болатын. Кейінгі жылдары бұл тақырып Қазақстан мұнай өнеркәсібінің тарихы мұнай құбыры тарихы аясында жазылды [4]. Сонымен қоса, кейбір ардагер мұнайшылардың естеліктерінде Мақат-Өзен темір жолының тарихы айтылып өтті [5, 145-б.]. Тақырыпты ашу барысында сол заманда жарық көрген бірқатар бұқаралық-ақпарат құралдары [«Коммунист», «Строитель магистрали», «Транспортное строительство», «Огни Мангышлака», «Советские профсоюзы»] пайдаланылды.

**Нәтижесі**

1956 жылы 25 желтоқсанда КСРО Министрлер Кеңесі «Орта Азияның батыс бөлігінде геологиялық барлау жұмысын күшейту жөнінде» Қаулы қабылдады 1959-1960 жж. Кеңқияқ пен Прорвада жаңа мұнай көздері ашылды [1, 17-б.]. Маңғышлаққа кең көлемде «шабуыл» басталды. Өзен ауданы мен Жетібай елді-мекенінде геологиялық барлау жұмыстары жүргізілді.

Геологиялық барлау жұмысын сол жерде басқарып отыру үшін, 1957 жылы Форт-Шевченко қаласында «Қазақстанмұнай» бірлестігінің жанынан «Маңғышлақмұнайбарлау» тресін құрады. Сейсмикалық барлаудың нәтижесіне сүйене отырып, «Маңғышлақмұнай барлау» тресі 1959 жылы терең бұрғылау жұмыстарын бастайды.

Атырау облысы партия комитетінің өтініші бойынша 1959 жылы 25-30 мамырда Атырау қаласында Батыс Қазақстандағы мұнай мен газға барлау жұмыстары бойынша ғылыми-техникалық конференция өткізіледі. Сессияға КСРО және Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрліктерінің, КСРО және Қазақ КСР Ғылым академияларының өкілдері, Мәскеу мен Ленинград, Алматы мен Баку, Уфа мен Саратов және басқа қалалардың көрнекті ғалымдары қатысты. Конференция Батыс Қазақстанның мұнай-газ қызметінің перспективаларын талқылады [1, 17-б.]. Маңғышлақ мұнайлы ауданда 3 млрд тонна мұнай және 1,5-2,0 триллион текше метр газ бар деп көрсетілді. Әсіресе, Өзен және Жетібай кен орындарының болашағы

ерекше бағаланды. Бұл жердегі мұнайдың тығыздығы Татар мен Башкирия аудандарына қарағанда бірнеше есе жоғары деп аталып өтілді. Конференция материалдары жинақ болып шығып, КСРО Министрлер Кеңесіне ұсынылды [6, 33-б.]. Конференциядан кейін Каспий маңы ойпатының шығыс бөлігінде Прорва, Боранкөл, Кеңқияқ сияқты ірі кен орындары ашылды.

Республиканың табиғи ресурстарын, оның ішінде Маңғышлақ түбегінің құнды мұнай-газ кен орындарын игеруді жеделдету қажеттігі туралы айта келе Қазақстанның сол кездегі басшысы Д.А. Қонаев: «Қазақстанның сарқылмайтын байлықтары жалпы халықтың игілігі болып табылады, сондықтан оларды коммунизм құру қызметіне тезірек қою керек»,- деп атап өтті [7, 317-б.].

1961 жылы 24 қазан КСРО Министрлер Кеңесі «Маңғышлақ түбегі мен Каспий маңы ойпатының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі мұнай мен газға геологиялық-барлау жұмыстарын күшейту туралы және осы аудандарда анықталған мұнай кен орындарын пайдалануға дайындау туралы» қаулы қабылдады. Онда соңғы жылдары Батыс Қазақстанда ірі мұнай және газ кен орындарының ашылуы елде жаңа ірі мұнай өндіру базасын құру үшін үлкен маңызға ие екендігі айтылды. 1962 ж 15 қыркүйек КСРО Министрлер Кеңесі «Қазақ КСР-дағы Маңғышлақ түбегінде мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстарын одан әрі күшейту және осы кен орындарын өнеркәсіптік игеру жөніндегі» дайындық жұмыстарын жүргізу жөніндегі шаралар туралы» қаулыны қайта қабылдады. Онда жаңа мұнай-газ алаңдарын анықтау мен зерттеу жөніндегі геологиялық барлау жұмыстарын күшейту және зерттеу жұмыстарын кеңейту қажеттілігі ерекше аталып өтті. Осындай шаралардың арқасында бұл өңірде үлкен мұнай қоры табылды.

Маңғыстау түбегіндегі алғашқы мұнай бұрқағы 1961 ж 5 маусымда Жетібай кен орнында, ал 15 желтоқсанда Өзен кен орнында атқылады. Оңтүстік Маңғышлақты ашқаны үшін Ж. Досмұхамбетовке, Б.Ф. Дьяковқа, Ш.Е. Есеновқа, Е.И. Ивановқа, Н.А. Калининге, Х. Махамбетовке, Х.Ж. Өзбекқалиевке және т.б мамандарға Ленин сыйлығын берді [1, 20-б.]. Осы мұнай көздерін өндірістік игеру үшін Маңғышлақта тұңғыш рет 1964 жылы «Өзенмұнай» мұнай өндірісінің басқармасы [МӨБ] құрылды [8, 4-б.].

Маңғышлақтың мұнайы химиялық элементтерге бай болатын Оның құрамында 20-30 пайыз парафин болды Әрі 30° С төмен ауа-райында тез қатып қалатын еді [1, 20-б.]. Енді осы өндірілген мұнайды өңдеу үшін Атырау мұнай айыру зауытына тасымалдау қажет болды Сонымен қатар, мұнай көздерін барлау мен бұрғылау үшін қажетті құрал-жабдықты Каспий теңізі арқылы тасып алып келіп жүрді. Бұл өндірілген мұнайдың өзіндік құнын өсіріп жіберді Сол себепті Маңғыстау өңірін орталықпен байланыстыратын теміржол салу керек болды.

Темір жол желісі екі жақтан басталды. Олар солтүстігіндегі Мақат стансасынан бастап Бейнеу станциясына дейінгі аралықта бірінші бағыты және оңтүстігіндегі Бейнеу стансасынан бастап Гурьев-20 стансасына дейінгі аралықта екінші бағыты еді. Ол кезде Ақтау қаласы «Гурьев-20» тұрағы деп аталатын еді [9].

«Құрылысшылардың алдында қиын міндеттер тұрды. Темір жол құрылысын жүздеген шақырым бойы елді-мекенсіз әрі сусыз шөл далада жүргізу тиіс болды. Қыста ауа температурасы -37° С дейін түсіп, жазда +43° С дейін көтерілетін еді. Жердің үстіне шығып жатқан сорлар кейде техникаға әл бермейтін. Ауыз суды 500-600 шақырым жерден бөшкелеп таситын еді. Далада өсіп тұрған бір тал ағаш немесе шөп жоқ. Күннің көзіне шағылысып жатқан тақыр жер ғана. Байқаусызда сорға түсіп кеткен көліктерді бульдозердің көмегімен ғана шығарып алатынбыз»- деп еске алады осы құрылысты салған еңбек ардагері В.Я. Герасимов [10, 11-б.].

Бірақ темір жол құрылысына келген құрылысшылар ешқандай қиындықтан қорықпады. Себебі олардың бірқатары солтүстіктің суығын көрген құрылысшылар болатын. Қиыр-Шығыстағы тайгада жұмыс жасап, Алтай тауын жарып, жол салып жүрген жұмысшылар еді.

Шөл даладағы құрылыс-монтаждау жұмысын жүргізу үшін алғаш болып келген екі поез

құрылысшылары болды. Олар Ақтоғай-Мемлекеттік шекара құрылысын салған «Т37 Құрылыс-монтаждау поезы» «Т37 ҚМП» мен Орынбор облысының Бурухтава теміржолын салған «ҚМП-Т63» поезы еді. Бірінші поез Мақат стансасына келіп қоныс тепті. Ал екіншісі Гурьев-20 стансасына табан тіреді. Сонымен қоса, Құлсары стансасына келіп орналасқан «№206 ҚМП» құрылыс жұмыстарын бірге атқаратын болды. Кейін, 1963-1964 жж тағы да «ҚМП-Т36», «ҚМП-Т8», «ҚМП-260», «ҚМП-285» поездары келді. Қажетті шпалдар мен рельстер, бекітпелер және басқа да құрылысқа керекті құрал-жабдықтар Гурьев-Қандыағаш темір жолы арқылы Атырауға әкелініп, одан әрі Каспий теңізімен Ақтау портына жеткізіліп тұрды.

Министрлер Кеңесінің нұсқауына сай 1963 жылы 30 қаңтарда Қазақстан мен Орта Азияның Бас теміржол құрылысының Бас басқармасы құрамында № 99 Құрылыс басқармасы «№99 ҚБ» ұйымдастырылды. Бұған дейін құрылыс жұмысын ұйымдастыруды «Орынбортрансқұрылыс» құрылыс-монтаж тресі атқарып келді. «№99 ҚБ» Гурьев қаласында орналасты. Бұл басқармаға Мақат-Өзен, Гурьев-Астрахань, Бейнеу-Қоңырад темір жол желілерін және Каспий маңы ойпаты мен Маңғышлақ түбегі ауданындағы басқа да объектілерді салу жүктелді.

Құрылыс басқармасы жаңа техникамен жабдықталған және жоғары білікті мамандары бар ұжым еді. Оның құрамында 29 эксковаторлар мен бульдозерлер, 276 жүк көліктері, 40 бетон араластырғыштар, 36 жер асты крандары мен механизмдер, 6 жол салатын машиналар болды. Күн сайын ондаған автокөлік мен тракторлар, бульдозерлер мен эксковаторлар және крандар шығып тұрды. №99 ҚБ техникалардың саны көбейіп отырды [11, 105-б.]. Сөйтіп, 1966 жылы 2 есе өсті Мақат-Шевченко-Өзен құрылысында жер төсемін салу кезінде механизацияның деңгейі жоғары болды. Сөйтіп, 98 пайызды құрады [12]. Ал келесі жылы оның деңгейі 99,8% - ға жетті [12, 15 ақпан 1967 ж.].

Осындай шаралардың арқасында 1963 жылы құрылыс-монтаждау жұмысы өзінің жылдық жоспарын уақытынан бұрын орындады. 400 шақырым шойын жол төсеп, өзінің жылдық жоспарын 109 пайызға асыра орындады. Сөйтіп, 21013 мың сом қаржыны игерді.

Өндіріс өнімділігін арттыру үшін жаңашылдық әдістері жиі қолданылды. Солардың бірі рационализаторлық әдіс еді. Құрылыс жұмысының бастапқы кезінде рационализаторлар аз болды. Кейін осы әдіс жиі қолданылып көптеген қаржы үнемделді. Мысалы 1963 жылы 64 рационализаторлық ұсыныс енгізіліп, 57 мың сом қаржы үнемделген екен [13, 5-б.].

Жаңашылардың әдісін үдету үшін құрылыс басшылығы жастар ұйымдарын да араластырды. Олар жаңа әдістерді барлық құрылысшылар ұжымына насихаттап отырды. Сонымен қатар әрбір учаскелерде қоғамдық байқау ұйымдастырып, еңбек қарқындылығын арттырды. Қоғамдық байқау рационализаторлардың жаңашылдық әдістерін тексеріп отыратын байқау органы болатын [14, 15-б.].

Егер де қоғамдық байқауға 1963 жылы 136 адам қатысса, 1964 жылы 2 мыңға жуық адам тартылды. Осының нәтижесінде 192 ұсыныс қабылданып, 268 мың сомға жуық қаржы үнемделген екен. Тек 1965 жылдың алты айында 46 ұсыныс түсіп, оның 39-ы өндіріске алынды. Нәтижесінде 59 мың сом үнемделген екен [12, 7 ақпан 1966 ж.].

Кесте 1. 1963-1970 жж №99 ҚБ бойынша түскен және қабылданған рационализаторлық ұсыныстың саны.

| Жыл дар | Жұмысшы-лардың саны | Рационализа-торлардың саны | Түскен ұсыныс | Қабыл-дан-ғаны | Енгізілгені | Экономика лық пайдасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1963 | 4536 | 77 | 90 | 74 | 64 | 57182 |
| 1964 | 6809 | 206 | 242 | 213 | 192 | 268212 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1965 | 7816 | 254 | 308 | 273 | 246 | 576724 |
| 1966 | 9284 | 216 | 286 | 230 | 200 | 218800 |
| 1967 | 6252 | 147 | 207 | 164 | 154 | 363546 |
| 1968 | 6215 | 221 | 257 | 239 | 221 | 322,8 |
| 1969 | 6853 | 199 | 220 | 201 | 174 | 242,7 |
| 1970 | 6700 | 182 | 185 | 164 | 159 | 243,7 |
| Барлығы | 54592 | 1502 | 1795 | 1558 | 1400 | 2273,664 |

Осылайша сегіз жыл ішінде 1400 ұсыныс түсіп 2273,664 мың сом қаржы тапты. Оның 900 мың сомы Мақат-Ақтау темір жолы құрылысын салу кезінде түскен екен.

Өндіріс орындарында еңбек озаттарын ұлықтауда «Строитель магистралей» деп аталатын көп тиражды газеттің ролі зор болды. Бұл көптиражды газетте еңбек озаттары туралы және оның жетістіктері жазылды.

Құрылыс жұмысының қарқынын жеделдету үшін маман кадр даярлау керек болды. Құрылысшылардың мамандық деңгейін арттыру үшін техникалық оқу ұйымдастырылды. Сонымен қоса құрылысшылардың біліктілігін арттыру үшін курстарға жіберілді. Осыған орай құрылысшыларды Ташкент, Илецк, Ақмола қалаларына жіберіп отырды. Онда автокран жүргізушілер мен бульдозер жүргізушілерін, тракторшылармен бетон құюшыларды дайындалды. Сонымен қоса, құрылыс барысында да мамандыққа дайындайтын курстар ашылды. 1964 жылы желтоқсан айында Мақат, Бейнеу және Ақтау қалаларында құрылыс аралық мектептер құрылды.

Кәсіби-техникалық училищесінде оқитын жас құрылысшылардың саны артты Мысалы, 1965 жылы Қандыағаш кәсіптік-техникалық училищесінде 200-ден астам жас маман оқыды Құрылыс барысында өндірістен қол үзбей кешкі уақытта оқитын жұмысшылар болды. Осындай әдіспен 1963 жылы 80 адам оқыған. Ал, 1965-1967 жж. олардың саны 358-ге жетіпті. Құрылыс жұмысының алғашқы жылдарында түрлі мектептер мен курстарда 1061 адам оқыпты.

Кейбір құрылысшыларды Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Ростов, Новосибирск мен Алматы және Ақтөбе қалаларындағы техникумдар мен жоғарғы оқу орнына оқуға жіберілген екен. Олардың саны 1963 жылы 22 адам болса, 1970 жылы 231-ге жеткен көрінеді.

Осындай шаралардың арқасында құрылысшылардың саны артып отырды 1966 жылы 3424 адам жұмыс істесе, 1970 жылы 7617 мыңға жетті Тағы бір айта кететін жай, теміржолшылардың 70 пайызы қазақтар болды [11, 112-123-бб.].

Кесте 2 - 1966-70 ж. аралығындағы құрылысшылардың өсу көрсеткіші

| № | жыл | Барлық жұмыс жасайтын дардың саны | Соның ішінде жұмысшылар | Инженер - техник қызметкерлері [ИТҚ] | Қоғамдық шақырулармен келгендер | Училище бітіріп келгендер | Келген жұмысшылар | Келген ИТҚ | Жаңа мамандық алғандар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1966 | 6693 | 5928 | 765 | 1268 | 318 | 1018 | 24 | 866 |
| 2 | 1967 | 6113 | 5492 | 621 | 628 | 131 | 1459 | 35 | 880 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 1968 | 5132 | 4483 | 649 | 513 | 272 | 1205 | 52 | 722 |
| 4 | 1969 | 5150 | 4428 | 722 | 444 | 168 | 1265 | 48 | 786 |
| 5 | 1970 | 5092 | 4403 | 689 | 412 | 187 | 1146 | 43 | 810 |
| 6 | Барлығы | - | - | - | 5283 | 1076 | 6093 | 202 | 4064 |

Төрт жыл ішінде 704 шақырымға темір жол рельсі төселіп, Мақат-Ақтау темір жол құрылысы салынып болады [15]. Сөйтіп, 1964 жылы 29 маусымда Мақат-Шевченко желісі уақытша пайдалануға берілді [9]. Ал келесі жылы 11 шілдеде Шевченко-Ералиево-Жетібай-Өзен темір жол құрылысы салынды. Осымен қоса мұнай құю эстакадасы мен бірнеше жол тармақтарын салды. Соның арқасында бес жарым ай ішінде [1964 жылдың маусым-желтоқсан аралығында] 1 млн 350 мың тоннадан астам жүк тасымалданған екен. 1965 жылы жаңа құрылыс жолдары бойынша 1,086 млн тонна жүк тасымалданыпты [14, 6-б.].

1965 жылы 11-12 шілде күні алғаш рет Маңғышлақ мұнайы тасымалдана бастады [12, 17 шілде 1965 ж.]. 1965 жылы Сабыр Мұстафаев жүргізген поезд 334 000 тонна Маңғышлақ мұнайын Атырау мұнай айыру зауытына жеткізді [16]. «Қара алтын» құйылған цистерналар тізбектелген үлкен составты түбекте салтанатпен аттандырып салса, облыс орталығында оны зор қуаныш-қошаметпен қарсы алды»-деп жазды жазушы Шөпенғали Дәуенов [17, 25-б.].

Құрылысшылардың жұмыстан шығып кетуі жиілей бастады. Оған себеп олардың тұрмыстық жағдайының нашарлығы еді. Сол үшін құрылыс басшылығы әлеуметтік жағдайды реттеуді қолға алды. Алдымен, қоныс аударған поездарда барлық мәдени-тұрмыстық нысандар іске қосылуы керек болды. Клубтар салынды. Құрылысшылар арасында спорттық шаралар өткізілетін болды. Астрахань мен Пятигорск қалаларындағы пионерлік және сауықтыру лагерьлеріне 1400 құрылысшының баласын жіберу жоспарланды. Сонымен қатар 30 балабақша-бөбекжай, клуб пен асхана, мектеп пен дүкен ашу көзделді. Зейнеткерлікке шығатын құрылысшылар үшін Астрахань қаласында 100 пәтерлі үйдің құрылысы салынатын болды. Құрылыс алаңдарында және трассаларда 65 дүкен, 12 асхана, 11 клуб, 1365 орындық 12 балабақша-қабат, 33 қызыл бұрыш, 2 жылжымалы вагон-клуб, 2 спорт залы іске қосылды.

Құрылысшылардың жалақысы өсті. 1969 жылғы 1 сәуірден бастап КСРО Министрлер Кеңесінің: «Құрылыста және жөндеу-құрылыс жұмыстарында жұмыс істейтін қызметкерлердің орташа ақы төленетін санаттарының жалақысын арттыру туралы» қаулысы күшіне енді. Машина жүргізушінің табысы 150 сомға дейін өсті.

Құрылысшылардың мәдени-тұрмыстық қажеттіліктеріне үлкен қаражат бөлінді. Астраханьда 320 орындық болатын «Бақытты балалық шақ» пионер лагері салынды, онда үш жыл ішінде 5 мыңға жуық құрылысшы баласы демалған екен. Гагры демалыс үйіне 40 адамға жолдама берілді. Сочиде, Ялтада, Ессентукиде темір жол құрылысшысы үшін пансионат салынды. Музыкалық аспаптар мен киноқондырғы әкелінді. Жұмысшылардың бөлмелеріне теледидар мен радиоқабылдағыш және тоңазытқыш орнатты.

Осындай шаралардың арқасында құрылысшылар темір жол салу құрылысында тұрақтана бастады. Егер 1966 ж. жұмысшы кадрлардың тұрақтамауы 37 пайыз болса, 1969 жылы олардың саны 22,7-ге дейін азайған [11, 125-б.].

Мақат-Ақтау-Жетібай-Өзен темір жол торабы Маңғышлақ мұнай өндірісін дамытуға себепкер болды. Сонымен қоса, Ақтау сияқты инфрақұрылымы дамыған қаланың салынуы Маңғышлақ өңірінің дамуына зор септігін тигізді.

Темір жол құрылысымен қоса автокөлік жолын салушылар да Жетібай мен Өзен аралығына

83,6 шақырым болатын асфальт жолын салды. Ал, 1966 жылы 5 желтоқсанда ұзындығы 158 шақырым болатын Ақтау-Өзен автомагистралы тұрақты пайдалануға берілді [12, 19 мамыр 1966 ж .].

**Қорытынды**

60-шы жылдарда елімізде үлкен құрылыстар салынды. Олардың қатарына «Мақат-Өзен», «Атырау-Астрахан», «Бейнеу-Қоңырат», «Қарағанда-Қарталы» темір жолдарын жатқызуға болады. Мақат-Өзен темір жол құрылысына көпұлтты КСРО халықтары ат салысты. Тек қана жастар ұйымының жолдамасымен бұл құрылысқа 1964 жылы 643 адам, 1965 жылы 892 адам, 1966 жылы 1407 адам келген екен. Құрылыс жұмысына келгендердің 43 пайызы Кеңес әскері қатарынан босап келгендер болатын. Табиғаттың қолайсыздығына қарамастан құрылысшылардың атқарған жанкешті еңбегінің нәтижесінде Мақат-Өзен темір жолы белгіленген мерзімнен 6 ай бұрын берілді. Сөйтіп еліміздің экономикасының дамуына зор үлес қосты.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1 Карымсакова Э.С. Исторические аспекты транспортировки высокозастывающей нефти в Западном Казахстане: Автореф. дисс. ... к.т.н., Уфа: 2003.

2 Турсунова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. -А-Ата, 1977. - 182 с.

3 Тлепов С.Т. Страницы истории Мангышлака. - Алма-Ата: Казахстан, 1980. - 167 с.

4 Бердіғожин Л.Ж. Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі: кадрлық әлеуеті. – Алматы, 2012. – 368 б.; Коршак А.А., Шманов Н.Н., Мамонов Ф.А., Пирогов А.Г., Махмотов Е.С., Нечваль А.М. Магистральные трубопроводы. – Уфа, 2008. - 448 с.

5 Балгимбаев М.Б. Нефтяная Эмба Летопись вековой истории. - Алматы, 2001. - 456 с.

6 // Коммунист, 1966. - №2.

7 XXII съезд Коммунистической партии Советского Союза 17-31 октября 1961 года. Стенографический отчет. Том 1. – М, 1962. - 317 с.

8 Ысқабаев Ә. Маңқыстау қазына қоймасы // Социалистік Қазақстан. - 1971.

9 Суханбердиев М. Стальное ожерелье Мангистау // Огни Мангистау. - 2004. - 31 июля

10 Герасименко В.Я. Полуостров сокровищ. - Алма-Ата, 1968. - 62 с.

11 Сарсембаев С. Деятельность партийных организаций западных областей Казахстана по созданию железнодорожного транспорта в нефтеносном районе республики [1936-1970 гг]: Дисс. ... к.и.н. - Алма-Ата, 1973.

12 // Строитель магистрали. – 1966. - 30 декабря.

13 // Советские профсоюзы. – 1966. - № 20.

14 // Транспортное строительство. – 1966. - №8

15 // Огни Мангистау. – 2004. - 27 июля.

16 // Огни Мангышлака. – 1968. -10 февраля.

17 Дәуенов Ш. Ыстық дария. – Алматы, 1975. - 64 б.

**REFERENCES**

1 Karymsakova E.S. Istorıcheskıe aspekty transportırovkı vysokozastyvaıýsheı neftı v Zapadnom Kazahstane: Avtoref. dıss. ... k.t.n., Ýfa: 2003.

2 Týrsýnova M.S. Kazahı Mangyshlaka vo vtoroı polovıne XIH veka. -A-Ata, 1977. - 182 s.

3 Tlepov S.T. Stranısy ıstorıı Mangyshlaka. - Alma-Ata: Kazahstan, 1980. - 167 s.

4 Berdіǵojın L.J. Qazaqstannyń munaı-gaz ónerkásibi: kadrlyq áleýeti. – Almaty, 2012. – 368 b.; Korshak A.A., Shmanov N.N., Mamonov F.A., Pırogov A.G., Mahmotov E.S., Nechvál A.M. Magıstrálnye trýboprovody. – Ýfa, 2008. - 448 s.

5 Balgımbaev M.B. Neftánaıa Emba Letopıs vekovoı ıstorıı. - Almaty, 2001. - 456 s.

6 // Kommýnıs, 1966. - №2.

7 XXII sezd Kommýnıstıcheskoı partıı Sovetskogo Soıýza 17-31 oktábrá 1961 goda. Stenografıcheskı ochet. Tom 1. – M, 1962. - 317 s.

8 Ysqabaev Á. Mańqystaý qazyna qoımasy // Sosıalıstik Qazaqstan. - 1971.

9 Sýhanberdıev M. Stálnoe ojerele Mangıstaý // Ognı Mangıstaý. - 2004. - 31 ıýlá

10 Gerasımenko V.Á. Polýostrov sokrovısh. - Alma-Ata, 1968. - 62 s.

11 Sarsembaev S. Deıatelnos partıınyh organızası zapadnyh oblasteı Kazahstana po sozdanıý jeleznodorojnogo transporta v neftenosnom raıone respýblıkı [1936-1970 gg]: Dıss. ... k.ı.n. - Alma-Ata, 1973.

12 // Stroıtel magıstralı. – 1966. - 30 dekabrá.

13 // Sovetskıe profsoıýzy. – 1966. - № 20.

14 // Transportnoe stroıtelstvo. – 1966. - №8

15 // Ognı Mangıstaý. – 2004. - 27 ıýlá.

16 // Ognı Mangyshlaka. – 1968. -10 fevralá.

17 Dáýenov Sh. Ystyq darıa. – Almaty, 1975. - 64 b.

## МАЗМҰНЫ

**Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М.**
ТАНЗИМАТ РЕФОРМАЛАРЫНА ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ
МҰСТАФА РЕШИД ПАША.......................................................................................5
**Азмуханова А., Эгамбердиев М. Шаншарбек У.**
XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
БІРІГУІ МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....................................16
**Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С.**
ШУ ӨҢІРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТӨРТКҮЛДЕРДІҢ СТРАТИГРАФИЯСЫ (X-XII ғғ.)…………………..25
**Атығаев Н.Ә.**
ТАҒЫ ДА ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚайТЫС БОЛҒАН УАҚЫТЫ МЕН ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕРІ ТУРАЛЫ………......41
**Ахантаева Ә.Ж.**
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДА ЕГІНШІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН
ЖОРА-ЖОСЫНДАР, АҢЫЗ- ӘПСАНАЛАР……………………………………......48
**Бахтыбаев М.М.**
Н.Н. ПАНТУСОВТЫҢ ЖЕТІСУ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ………………60
**Билалов С.У., Тәжекеев Ә.Ә., Дәрменов Р.Т.**
ЕРТЕОРТАҒАСЫРЛЫҚ СОРТӨБЕ 1 ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР……………………………………………77
**Ғалиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М.**
ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНАН «БІР БЕЛДЕУ ЖӘНЕ БІР ЖОЛҒА»………………………..89
**Джумагазиева А.Н.**
ИРАНДАҒЫ САЯСИ ӨМІРДІҢ РЕВОЛЮЦИЯДАН КЕЙІНГІ ИСЛАМИЗАЦИЯСЫ……………103
**Жылгелді Ж.С.**
XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ТАРИХЫНЫҢ
ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ (Шығыс Қазақстан мысалында)…………………………115
**Жылқышыбаева Қ.Қ.**
ЕУРОПАДАҒЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ТАРИХИ БІЛІМГЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ:
ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ…………………………………………122
**Ибраева А.Ғ., Садықов Т.С., Темірханова Ә.С.**
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ХАКІМ АБАЙ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ХАҚЫНДА………136
**Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С**
ҒАСЫРЛАРДАН СЫР ШЕРТКЕН – СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН (тарихи-салыстырмалы талдау)……..147
**Ильясова К.М., Байманов А.А.**
СКРИПКАШЫ ӘЛІМ АЛМАТ (ҒАЛЫМЖАН ӘБСӘЛАМОВ) ЖӘНЕ ОНЫҢ МУЗЫКАНТ
РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ……………………………………………………159
**Ильясова К.М.**
МИЛЛИОН ИЕРОГЛИФТАН ТҰРАТЫН МАНУСКРИПТ (проф. Т.З. Қайыркеннің
«Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы» қолжазбасын зерттеу жобасы негізінде)……………174
**Иманалиева Е.**
XVI Ғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ
БАҒЫТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ……………………………………………187
**Исмаилов С.С., Ерищева А.А.**
ЕМБІ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ МҰНАЙ КӘСІПШІЛІКТЕРІ…………..193
**Исова Л., Апсаттарова Г.**
ҚАЗІРГІ ГЕОСАЯСИ ҮДЕРІСТЕР АУҚЫМЫНДАҒЫ ……………………………199
**Кәрібаев Б.Б., Нұртазина Н.Д.**
ӘЗ-ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ (шығыс нарративтері мен қазақтың
шежіре аңыздары негізінде) ……………………………………………………211
**Күлдібаев Е.Қ., Саркулова С.Д.**
XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚУҒЫНДАЛУЫ……………232
**Қайыркен Т.З., Ильясова З.С.**
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ИСПИДЖАБ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ
ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІМЕКЕНДЕР……………………………………………242

**Қартабаева Е.Т.**
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІ…………………………………………………………………..…....253
**Қойгелдиев М.Қ.**
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ – БІЗ ҮШІН ЕУРОПА ТАРИХЫ ТУДЫРҒАН
ЖАТ ТӨҢКЕРІС……………………………………………………………………………………………..…..…265
**Мажибаева Ш.О.**
1928-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕТ ЕЛГЕ БОСУЫ………………………………………..…..273
**Мажиқызы Н.**
ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРІ ӨҢДЕУ ӨНЕРІ……………………………………………………...……279
**Макашева К.Н., Шалкеева З.**
ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ:
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ…………………………………………....…………...……286
**Мұхатова О.Х., Садвокасова З.Т.**
МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС……………………………………………………………..…….293
**Мұхитов Қ.**
ҚАЗАҚ КҮРЕСІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ………………………………….……………...….307
**Мұхитов Қ.С.**
МАҚАТ-ӨЗЕН ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУЫ……………………………………………………………..318
**Надырбеков Н.К.**
ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САКРАЛЬДЫ ТОПОГРАФИЯСЫ…….326
**Оспанғалиев Қ.Ә.**
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕГІ БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ САЙЛАУ
ӨТКІЗУ НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ………………………………………………………...…………………....340
**Раздыков С.З., Зайнов А.М.**
СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АУДАНДАРДАҒЫ
САРМАТ МӘДЕНИЕТІ: ПРОБЛЕМАЛАР, ГИПОТЕЗАЛАР……………………………...………….……..350
**Рахбаев Қ.Қ.**
ЖЕЛТАУ МЕШІТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ (XIX Ғ. ОРТАСЫ XX Ғ. БАСЫ)……………………………………….363
**Садыкова А.М.**
КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ…371
**Сүгірбаева Г.Д., Исабек Б.Қ., Омарбаев Ы.К.**
ҚАЗАҚ КСР БОЙЫНША ШЕТЕЛГЕ БАРУДЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ ТІРКЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ
ТӘРТІПТЕРІ: ТОҚЫРАУ КЕЗЕҢІ…………………………………………………………………………......….379
**Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С.**
XX ҒАСЫРДЫҢ 80-ШІ ЖЫЛДАРЫНДА ЕРТІС ӨҢІРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ: КЛАССИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕР………………………...…388
**Тайман С.Т., Сүгірбай М.**
СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВТЫҢ «ДОСАН БАТЫР» ДАСТАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР……………….....395
**Толамисов А.Ғ.**
ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ "КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЛАРДЫҢ" РӨЛІ……………..….417
**Төлебаев Т.Ә. , Әбікенова Г.Е.**
XIX-Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX-Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ
ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН МИНЕРАЛДЫ ШИКІЗАТТАРДЫ ӨҢДЕУ ӨНДІРІСТЕРІ…....……………...425
**Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А.**
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРЫ
(XVIII ғ. екінші жартысы - XIX ғ. басы)…………………………………………...……………..……….437
**Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М.**
ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАЙПАЛАРЫ МЕН ОҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ
ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ………………………………………………………….....……..452
**Шашаев Ә.Қ., Смагулов Б.Қ., Тылахметова А.С.**
ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ТОПТАРЫНЫҢ ҚАБІР ҮСТІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ…..…....460
**Шілдебай С.Қ.**
СЕЙІТҚАЛИ МЕҢДЕШЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ………………...…………………..…472

## СОДЕРЖАНИЕ

**Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М.**
ВЛИЯНИЕ ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ НА РЕФОРМУ ТАНЗИМАТА И МУСТАФА РЕШИД ПАША..………..5
**Азмуханова А., Эгамбердиев М., Шаншарбек У.**
ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КОНСОЛИДАЦИИ И СОТРУДНИЧЕСТВА
ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ…………………………..………………..…..16
**Акымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С.**
СТРАТИГРАФИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТОРТКУЛИ В ШУЙСКОМ ДОЛИНЕ (X-XII вв.)…………………….......25
**Атыгаев Н.А.**
ЕЩЕ РАЗ О ВРЕМЕНИ СМЕРТИ И МЕСТЕ ЗАХОРОНЕНИЯ КАСЫМ-ХАНА………………...………………...41
**Ахантаева А.Ж.**
ОБЫЧАИ, ПРИМЕТЫ И ЛЕГЕНДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА, СВЯЗАННЫЕ С ЗЕМЛЕДЕЛИЕМ…………….....48
**Бахтыбаев М.М.**
ВКЛАД Н.Н. ПАНТУСОВА В ИЗУЧЕНИЕ ПАМЯТНИКОВ СЕМИРЕЧЬЯ……………………………………..…...60
**Билалов С.У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т.**
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАБОТЫ НА РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОМ ГОРОДИЩЕ СОРТОБЕ I……………...…….77
**Галиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М.**
ОТ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ К «ПОЯСУ И ПУТИ»………………………………………………...……..89
**Джумагазиева А.Н.**
ПОСТРЕВОЛЮЦИОННАЯ ИСЛАМИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ В ИРАНЕ………103
**Жылгелді Ж.С.**
ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В 20-30 ЛЕТ XX ВЕКА…………………...………..………115
**Жылкышыбаева К.К.**
ВЗГЛЯДЫ НА ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ УЧЕНЫХ В ЕВРОПЕ:
ИСТОРИКО-ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ……………………………………….……………….………….122
**Ибраева А.Г., Садыков Т.С., Темирханова А.С.**
ИССЛЕДОВАНИЯ О ХАКИМ АБАЕ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА МАНАШ КОЗЫБАЕВА…………..………...136
**Ибраева А.Г., Темирханова А.С.**
СЕВЕРЫЙ КАЗАХСТАН СКВОЗЬ ВЕКОВ (историко-сравнительный анализ)………………………..…..…….147
**Ильясова К.М., Байманов А.А.**
СКРИПАЧ АЛИМ АЛМАТ (ГАЛИМЖАН АБСАЛЯМОВ) И ЕГО СТАНОВЛЕНИЕ КАК МУЗЫКАНТА…..….159
**Ильясова К.М.**
МАНУСКРИПТ СОСТОЯЩИЙ ИЗ МИЛЛИОНА ИЕРОГЛИФОВ (по проектам исследования рукописей
«Су Бэйхай. Общая история казахов» проведенных проф. Турсунханом Закенулы Кайыркеном)……………...….174
**Иманалиева Е.**
ОСОБЕННОСТИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В XVI ВЕКЕ……....187
**Исмаилов С.С. , Еришева А.А.**
ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ УРАЛО-ЭМБИНСКОГО НЕФТЯНОГО РАЙОНА И ПЕРВЫЕ НЕФТЕПРОМЫСЛЫ….193
**Исова Л., Апсаттарова Г.**
ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И ИРАНА В РАМКАХ СОВРЕМЕННЫХ
ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ………………………………………………………………...…..………..199
**Карибаев Б.Б., Нуртазина Н.Д.**
ИСТОРИЧЕСКАЯ ФИГУРА КАЗАХСКОГО ХАНА АЗ-ДЖАНИБЕКА(на основе восточных
нарративов и генеалогических мифов казахов)…………………………………………………………..……..211
**Кулдибаев Е.К., Саркулова С.Д.**
ГОНЕНИЯ НА ДЕЯТЕЛЕЙ ИСКУССТВА В 30-Х ГОДАХ XX ВЕКА……………………..………………......232
**Қайыркен Т.З., Ильясова З.С.**
ИСПИДЖАБ И БЛИЗЛЕЖАЩИЕ К НЕМУ ГОРОДА И НАСЕЛЕННЫЕ ПУНКТЫ
В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ……………………………………………...……242
**Картабаева Е.Т.**
ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ИСЛАМ……………………………………………………………..….....253
**Койгелдиев М.К.**
МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: ИДЕЯ ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ ДЛЯ НАС БЫЛА ЧУЖАЯ……………...…...265
**Мажибаева Ш.О.**
МАССОВОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ КАЗАХОВ ЗА РУБЕЖ В 1928-1933 ГОДЫ……………………………….…...273

**Мажиқызы Н.**
ИСКУССТВО ОБРАБОТКИ КОЖИ У КАЗАХОВ КИТАЯ…………………………………………………..……279
**Макашева К.Н., Шалкеева З.**
ОРГАНИЗАЦИЯ ИСЛАМСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА И ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ:
ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА……………………………………….………………….….286
**Мухатова О.Х., Садвокасова З.Т.**
ВООРУЖЕННОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ В МАНГИСТАУ…………………………………………….……….….293
**Мухитов К.**
КАЗАХСКАЯ БОРЬБА: ПРОШЛОЕ, СЕГОДНЯ И БУДУЩЕЕ……………………………………..……..307
**Мухитов К.**
СТРОИТЕЛЬСТВО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ МАКАТ-УЗЕНЬ……………………………………………..………...318
**Надырбеков Н.К.**
САКРАЛЬНАЯ ТОПОГРАФИЯ ДРЕВНЕГО И СРЕДНЕВЕКОВОГО ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА………….326
**Оспангалиев К.А.**
О ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ВЫБОРОВ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО
СОБРАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ……………………………...…………………….....…340
**Раздыков С.З., Зайнов А.М.**
САРМАТСКАЯ КУЛЬТУРА НА СЕВЕРО-ВОСТОЧНОМ ПРИКАСПИЙИ
В ПРИЛЕГАЮЩИХ К НЕМУ РАЙОНАХ: ПРОБЛЕМЫ, ГИПОТЕЗЫ……………………….………………350
**Рахбаев К.К.**
ИСТОРИЯ ЖЕЛТАУСКИХ МЕЧЕТЕЙ (СЕРЕДИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКОВ)……………………...……..363
**Садыкова А.М.**
ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИИ В ПЕРИОД
ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ…………………………………………………………………………...……....371
**Сугирбаева Г.Д., Исабек Б.К., Омарбаев Ы.К.**
ПОРЯДОК РЕГИСТРАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ ВЫЕЗДА
ЗА ГРАНИЦУ В КАЗАХСКОЙ ССР: ПЕРИОД ЗАСТОЯ……………………………………………...…...…379
**Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С.**
АКТИВНОСТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ДВИЖЕНИЙ ПРИИРТЫШЬЯ 80-Е ГОДЫ
XX ВЕКА: КЛАССИФИКАЦИЯ И МЕТОДЫ……………………………………………………….....................388
**Тайман С.Т., Сүгірбай М.**
ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ В ДАСТАНЕ С.ЖАНГАБЫЛОВА «ДОСАН БАТЫР»……………………..……..395
**Толамисов А.Г.**
ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСКИХ ДИАСПОР И РОЛЬ «МАЛЫХ КУРУЛТАЕВ»………………......................……..417
**Тулебаев Т.А., Абикенова Г.Е.**
ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ И ОБРАБОТКА МИНЕРАЛЬНОГО
СЫРЬЯ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX………………………...……425
**Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А.**
ВНЕШНИЕ ФАКТОРЫ ПОЛИТИЧЕСКОГО КРИЗИСА В КАЗАХСКИХ СТЕПЯХ
(вторая половина XVIII - начало XIX вв.)………………………………………………………………….....…....437
**Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М.**
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ПЛЕМЕНАМИ
КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА И ОГУЗАМИ…………………………………………………...……452
**Шашаев А. К., Смагулов Б. К., Тылахметова А.С.**
НАМОГИЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ГЕНЕАЛОГИЧЕСКИХ ГРУПП КАЗАХОВ КАЗАХСТАНА И РОССИИ…...460
**Шилдебай С.К.**
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
СЕЙТКАЛИ МЕНДЕШЕВА……………………………………………………………………..……….………472

## CONTENTS

**Abdukadyrov N.M., Nuskabay P.P., Sabanchieva Zh.M.**
INFLUENCE OF THE EUROPEAN SYSTEM ON TANZIMATS REFORM AND MUSTAFA RESHID PASHA……………………………………………………………………………………………..5
**Azmukhanova A., Egamberdiyev M., Shansharbek U.**
PROBLEMS OF STUDYING CONSOLIDATION AND COOPERATION OF TURKIC PEOPLES OF THE LATE XIX - EARLY XX CENTURIES……………………………………………………………………16
**Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S.**
THE STRATIGRAPHY OF MEDIEVAL TORTKULS IN SHU VALLEY (X-XII cc.)……………………………..25
**Atygayev N.A.**
ONCE AGAIN ABOUT THE TIME OF DEATH AND THE PLACE OF BURIAL KASYM-KHAN…………………41
**Akhantaeva A.Zh.**
THE KAZAKH CUSTOMS, TRADITIONS AND LEGENDSRELATED TO AGRICULTURE…………………...48
**Bakhtybaev M.M.**
N.N. PANTUSOV’S CONTRIBUTION IN THE STUDY OF THE MONUMENT OF THE SEMIRECHYE…………...60
**Bilalov S.U., Tazhekeyev A.A., Darmenov R.T.**
ARCHAEOLOGICAL RESEARCH ON THE EARLY MEDIEVAL SETTLEMENT……………………………77
**Galiev A.A., Ustemirova A.O., Kydyrgozhy B.M.**
OF SORTOBE 1 FROM GREAT SILK ROAD TO “ONE BELT ONE ROAD”……………………………….89
**Jumagaziyeva A.N.**
POST-REVOLUTIONARY ISLAMIZATION OF POLITICAL LIFE IN IRAN…………………………………103
**Zhylgeldi Zh.S.**
SOURCES OF HISTORY OF COLLECTIVIZATION IN 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY……………...115
**Zhylkyshybayeva K.K.**
VIEWS ON THE HISTORICAL EDUCATION OF SCIENTISTS IN EUROPE: A HISTORICAL-PHILOSOPHICAL ANALYSIS…………………………………………………………….122
**Ibraeva A.G., Sadykov T.S., Temirkhanova A.S.**
RESEARCH ON HAKIM ABAI IN THE WORKS OF ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV………………….136
**Ibraeva A.G. , Temirkhanova A.S.**
NORTH KAZAKHSTAN THROUGH THE AGES (historical and comparative analysis)…………………………...147
**Ilyassova K.M., Baimanov A.A.**
VIOLINIST ALIM ALMAT (GALIMZHAN ABSALYAMOV) AND HIS PATH OF BECOMING AS A MUSICIAN……………………………………………………………………..159
**Ilyassova K.M.**
A MANUSCRIPT CONSISTING OF MILLION HIEROGLYPHICS (on manuscript research projects «Su Beihai. The general history of the Kazakhs» conducted by Prof. Tursunkhan Zakenuly Kayirken)………………….174
**Imanalieva E.**
GOALS AND FEATURES OF KAZAKH KHANATE’S FOREIGN POLITICAL RELATIONS IN THE XVI CENTURY……………………………………………………………………………………..187
**Ismailov S. S., Yerisheva A.A.**
HISTORY OF DEVELOPMENT OF THE URAL-EMBINSKY OIL REGION AND THE FIRST OIL FIELDS……………………………………………………………………………...193
**Isova L., Apsattarova G.**
RELATIONSHIP BETWEEN KAZAKHSTAN AND IRAN IN THE FRAMEWORK OF MODERN GEOPOLITICAL PROCESSES…………………………………………………………………199
**Karibayev B.B., Nurtazina N.D.**
HISTORICAL FIGURE OF KAZAKH KHAN AZ-JANIBEK (based on the eastern narratives and genealogical myths of Kazakhs)……………………………………………………………………………211
**Kuldybaev E., Sarkulova S.**
THE PERSECUTION OF ARTISTS IN THE 1930S…………………………………………………………...232
**Kaiyrken T.Z., Ilyassova Z.S.**
SISFIDJAB AND NEARBY TOWNS AND LOCALITIES IN MEDIEVAL WRITTEN SOURCES………………..242
**Kartabayeva E.T.**
SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISLAM……………………………………………………………..253
**Koigeldiyev M.**
MAGZHAN ZHUMABAYEV: THE IDEA OF THE OCTOBER REVOLUTION WAS FOREIGN TO US…………265

**Mazhibayeva Sh.O.**
MASS MIGRATION OF KAZAKHS ABROAD IN 1928-1933……………………………………………………......273
**Mazhikyzy N.**
LEATHER TREATMENT ART AT THE CHINESE KAZAKHS……………………………………………………..279
**Makasheva K.N., Shalkeyeva Z.**
ORGANIZATION OF ISLAMIC COOPERATION AND THE EUROPEAN UNION: MAIN
AREAS OF COOPERATION………………………………………………………………………………………..….286
**Mukhatova O., Sadvokasova Z.T.**
THE ARMED RESISTANCE IN MANGISTAU………………………………………………………………….……293
**Mukhitov K.**
KAZAKH WRESTLING: PAST, TODAY AND FUTURE……………………………………………………………307
**Mukhitov K.**
CONSTRUCTION OF THE MAKAT-UZEN RAILWAY…………………………………………………………..….318
**Nadyrbekov N.K.**
SACRED TOPOGRAPHY OF ANCIENT AND MEDIEVAL KAZAKHSTAN……………………………………...…326
**Ospangaliev K.A.**
ON THE COURSE OF THE ELECTION OF THE ALL-RUSSIAN FOUNDING
MEETING OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION……………………………………………………………...….340
**Razdykov S.Z., Zainov A.M.**
SARMATIAN CULTURE IN THE NORTH-EAST CASPIAN AND ADJACENT
AREAS: PROBLEMS, HYPOTHESES…………………………………………………………………………...……....350
**Rakhbayev K.K.**
HISTORY OF ZHELTAU MOSQUES (MID-XIX-EARLY XX CENTURIES)…………………………………………363
**Sadykova A.M.**
POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN RELATION TO RELIGION
DURING WORLD WAR II…………………………………………………………………………………………………..371
**Sugirbayeva G.D., Issabek B.K., Omarbayev Y.K.**
REGISTRATION SYSTEM PROCEDURE FOR DOCUMENTING TRAVEL
ABROAD IN THE KAZAKH SSR: PERIOD OF STAGNATION…………………………………………….…………379
**Syzdykova A., Moldakimova A.**
ACTIVITY OF ECOLOGICAL MOVEMENTS OF PRIYRTISHIYA IN THE
80s OF THE XX CENTURY: CLASSIFICATION AND METHODS…………………………………………..….388
**Taiman S.T., Sugurbay M.**
HISTORICAL SOURES IN THE EPIC POEM OF S.ZHANGABYLOV «DOSAN BATYR»………………………….395
**Tolamissov A.G.**
INTEGRATION OF THE KAZAKH DIASPORES AND THE ROLE OF «SMALL KURULTAIS»…………………..417
**Tulebaev T.A., Abikenova G.E.**
PRODUCTION OF BUILDING MATERIALS AND PROCESSING OF MINERAL
RAW MATERIALS IN THE SOUTH OF KAZAKHSTAN IN THE SECONDHALF
OF THE 19TH - EARLY 20TH CENTURIES…………………………………………………………………….……425
**Uzhkenov E.M., Shotanova G.A.**
EXTERNAL FACTORS OF THE POLITICAL CRISIS IN THE KAZAKH STEPPES
(second half of the 18-th - the beginning of the 19-th centuries)………………………………………………………..437
**Habizhanova G.B., Almagambetova A.M.**
SOME ASPECTS OF RELATIONS BETWEEN THE TRIBES OF KARAKHANID
STATE AND THE OGHUZES……………………………………………………………………………………….....452
**Shashaev A., Smagulov B., Tylakhmetova A.**
GRAVE CONSTRUCTIONS OF GENEALOGICAL GROUPS OF KAZAKHS IN
KAZAKHSTAN AND RUSSIA……………..……………………………………………………………………......…460
**Shildebay S.**
PUBLIC, POLITICAL AND STATE ACTIVITIES OF SEYTKALI MENDESHEV…………………………...…….472

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2020. 1(21)

*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй